

## **Жедел айналымдағы вексельдерді сатып алуға және сақтауға келісім жасау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 3 шілде N 314

1. 1993 жылғы егін орағы кезінде көліктік қызмет үшін Қостанай облысының шаруашылықтары мен Молдова Республикасының Көлік министрлігі арасындағы есеп айырысу жөніндегі міндеттемелерді орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел айналымдағы вексельдерін сатып алуға және сақтауға 1994 жылғы 22 сәуірдегі және 1995 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 1994 жылдың өзара қарыздарын республика ішінде есептеу арқылы кредит түсімдері сомасын негізге алып есеп айырысатын вексельдің долларға пара-пар құнына жылдық 3 процентті аударып, корреспонденттік шотты ашу орны бойынша Молдова Республикасының Көлік министрлігімен Келісім жасауға Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 36 өкімі күшін жойған деп танылсын.

Премьер-Министрдің  
орынбасары